

Астана қаласы
С. Сейфуллин атындағы
80 мектеп-гимназиясында
өткізілген «Ақ желкен»
жазғы демалыс, сауықтыру
лагерінің өткізілуі жөнінде

Есеп

Жазғы демалыс маусымы — балалар үшін ерекше қуанышты сәт. Балалардың демалысын тиімді өткізу және оларды лагерьмен қамту жыл сайын дәстүрге айналған шара.

2025 жылдың 2 – 14 маусым аралығында ұйымдастырылған «Ақ желкен» жазғы лагері балалар үшін шаттық пен қуанышқа толы кезең болды. Мектебімізде «Ақ желкен» атты жазғы демалыс, сауықтыру лагері өз жұмыстарын бастады.

Лагерь жұмыстарын жүргізу үшін сынып кабинеттері таңдалынып алынды. Оның ішінде ойын, үйірме бөлмелері, атап айтқанда, кинорум, вокал әлемі, бояулар құпиясы, шахмат әлемі, кітапхана бар. Аталып өткен бөлмелер тазартылып, қажетті құралдармен, жиһазбен жабдықталды, көркем суреттермен, шарлармен атауларына байланысты безендірілді. Тәрбиешілер мен лагерь қызметкерлерінің көмегімен бөлмелер уақытында дайындалған еді. Іс-шараларды ұйымдастыруына сәйкес «Ақ желкен» жазғы демалыс, сауықтыру лагері өз қызметінде мына бағдарлама аясында іс - шараларды атқарды:

- Шығармашылық үйірмелер, қол өнер, сурет байқаулары.
- Қозғалмалы ойындар мен спорттық жарыстар.
- Танымдық серуендер мен викториналар.
- Көңілді концерттік бағдарламалар.
- Тәрбие беру – сауықтыру жұмыстары ұйымдастырылды.

Лагерьдің жұмыс уақыты 09:00-ден 14:00-ге дейін бекітілді, бұл уақыттарда балаларға таңғы ас пен түскі ас ұйымдастырылды.

Жазда балалар таза ауада көп серуендейді. Осыған орай «Көше ережесін білесің бе?», «Қауіпсіздік ереже» атты тәрбие сағаттары ойын-сайыс түрінде өткізілді. Онда балалар жолда жүру ережелерін қайталап, топтық сайысқа түсті. Тақырыпқа байланысты жұмбақтар шешіп, тапсырмалар орындады.

«Ақ желкен» лагері балалардың жазғы мезгілінде уақыттарын тиімді пайдалану, балалармен әртүрлі бағыттағы мәдени - көпшілік іс - шараларды ұйымдастыру мақсатында лагерь аймағынан тыс қызықты

ойындар, сайыстар, экскурсиялар ұйымдастырды. Бұл балалардың қызығушылықтарын арттыра түсті.

Әр топ белсенділік танытып, ұйымшылдық пен достық қарым – қатынасты нығайтты. «Ақ желкен» лагері өзінің алдына міндеттер мен мақсаттарын белгілеп, бағдарлама негізінде жұмыс жоспарлары жасалынды. Басты мақсат, балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастырып, олардың денсаулығын нығайту, шығармашылық қабілеттерін дамыт, патриоттық және рухани-адамгершілік тәрбие беру. Балалар жазғы демалысын тиімді әр мәнді өткізді. «Ақ желкен» лагері – балалардың дамуына, шығармашылығын арттыруға, жаңа достар табуына мүмкіндік берген жарқын демалыс алаңы болды. Жоспарланған барлық іс – шаралар жоғары деңгейде өткізілді. Барлық балалар мен жетекшілерге белсенді қатысқандары үшін алғыс білдіреміз.

Келесі кездескенше, «Ақ желкен»!

Лагеріміздің ашылу салтанатында ертегі кейіпкерлері қонақта болып балалардың өнерін тамашалады, сайқымазақтар ойын ойнап балаларға жақсы көңіл-күй сыйлады.







